

10. ТАҚЫРЫП. Бюджет саласындағы мемлекеттік басқару

Қазақстан өз тәуелсіздігін алған алғашқы күннен бастап экономикасын түбірлі реформалауға бағыт алғандығы белгілі. Мұнда нарықтық экономика мен сыртқы экономикалық байланыстарды либерализациялау халық шаруашылығын қайта құрудағы негізгі бағдар ретінде таңдап алынды.

Бүгінгі күнде қоғамымызда жан-жақты жүргізіліп жатқан реформалар мемлекеттік басқару мен реттеу аясына да айтарлықтай ықпалын тигізуде. Басқару қызметінің бағыт-бағдарлары және жаңаша сипатта дамуы мемлекетіміздегі әлеуметтік-экономикалық және саяси жүйедегі процестермен айқындалуда. Ал осы процестерде қаржылар саласындағы мемлекеттік реттеудің маңызы өте зор екендігі белгілі.

Қаржылар қоғамның дамуының негізгі бір материалдық көзі болып отыр. Нарықтық қатынастардың кең етек жаюы жағдайында, қаржылардың қоғам мен жекелеген адамдардың өмірінен елеулі орын алып, қаржылық құралдар арқылы мемлекеттің ел экономикасының өсіп дамуына белсенді де қарқынды түрде ықпалын тигізіп отырғандығы белгілі. Сондықтан қаржылар мемлекет пен қоғамның материалдық тірегі, базасы болып табылады және базистің құрамына жатады. Алайда, соңғы кездерде нарықтық қатынастарға көшуімізге байланысты экономика, қаржылар саласындағы мемлекеттік басқаруды жоққа шығару сияқты келеңсіз көзқарастар қоғамымызда орын алып отыр. Оған қоса Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекеттік басқару сияқты мемлекеттік-құқықтық категорияның орнына атқарушы органдар (атқарушы билік органдары) терминінің пайдалануы жаңағы көзқарастарға негіз болып отыр. Ал осы атқарушы билікті жүзеге асыру мемлекеттік-басқарушы қызметті жүзеге асыру болып табылатындығын білуге тиіспіз. Демек, мемлекеттік басқару атқарушы билікке қарағанда кең мағынада айтылады. Осыған байланысты мемлекеттік басқаруға байланысты өз көзқарастарымызды білдіріп өтсек. Біріншіден, мемлекет бұрын да қазіргі кезеңде де өзінің табиғи құрылымына байланысты экономикалық және әлеуметтік-мәдени саясатты қаржылардың көмегімен жүзеге асыруға атсалысады. Бұл жерде ол әр алуан қоғам мүдделерін көздейтіндіктен осы аялардағы мемлекеттік басқаруларды жоққа шығаруға болмайды; екіншіден, мемлекеттің экономика, қаржылар, инвестициялар және әлеуметтік-мәдени салалардағы дәрежесі ұзақ жылдар бойындағы тәжірибелермен белгіленген. Әсіресе қазіргідей түбірлі реформалар кезеңінде мемлекеттің, мемлекеттік реттеудің рөлі күшейе бермек; үшіншіден, мемлекет ешқашанда нарықтық экономикаға қарсы тұрмайды, қайта біз оның қолында нарықтық қатынастардың тиімді дамуы мен жандануына септігін тигізетін зор мүмкіншіліктер бар екендігін ұмытпағандығымыз жөн; төртіншіден, нарықтық өзіндік реттеу стихиялық процестер туғызады және оны тежеу, реттеу тек мемлекеттің қолынан келеді; бесіншіден, жоғарыда айтқанымыздай нарықтық өзіндік реттеу анархия мен хаосқа әкеліп соғатынын байқадық. Сондықтан нарықтық өзіндік реттеу мен мемлекеттік реттеуді барынша үйлестіріп отыру қажет. Ал бұл процестер өздігінен жүзеге асырылмайды, олар тек мемлекеттің тікелей қатысуымен жүргізіледі; алтыншыдан, жеке меншік және оған байланысты қатынастар оның аясында, мемлекет аумағында өте қатал экономикалық билікті туғызады. Осы билікті шектеу ісі де мемлекеттің құзырында болады. Сондай-ақ, мемлекет көлік, байланыс, энергетика салаларының монополист субъектілерінің халыққа ауыр тиетін іс-қимылдарын шектей отырып, осы нарықтық аялардағы қажетті режимдерді белгілейді, ішкі рынок пен ұлттық мүддені сыртқы ықпалдардан қорғаудың кепілі болып табылады.

Осы жерде айта өтер жайт, мемлекеттік басқару ілімі, осы жайындағы әкімшілік-құқықтық ғылым айтарлықтай жетістіктерге жеткенмен, көптеген мәселелер оның ішінде қаржылар саласындағы мемлекеттік реттеу жеткілікті деңгейде өз шешімін тапқан жоқ. Мемлекеттік басқару мына келесідей өте күрделі субъектілік тұрғыдағы элементтер жүйесінде, яғни “мұқтаждық – мүдделер – мақсаттар – ерік білдіру – нормалар – қағидалар – көзделген белестер – пайдалар – ынталандырулар” шеңберінде қалыптасып, дамығандықтан замана және нарықтық экономика талаптарына толығымен жауап беретін сияқты [1].

Сонымен бірге, қазіргі кезеңдегі нарықтық қатынастар аясында жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік реттеудің өзі де мемлекеттік басқару болып табылатынын білуге тиістіміз. Басқарудың көп қырлы аспектісімен қатар әлеуметтік, экономикалық, психологиялық, саяси және этикалық тұрғыдағы көзқарастары басқаруды қоғамдық құбылыс түрінде адамзат пен қоғамның өзара іс қимыл механизміне ұтымды қосылған, көпқырлы категория ретінде танытады.

Мемлекеттік басқару мемлекеттің, оның органдары мен мекемелерінің қоғам жүйесіне немесе оның салаларына мақсатты бағытта ықпал етуі. Сондықтан биліксіз әлеуметтік басқару болмайды деген тұжырымдардың негізі бар екендігін көреміз. Басқару биліктің қызмет атқаруы болып табылады. Өз кезегінде мемлекеттік басқару мынадай ерекшеліктерге ие:

1. Мемлекеттік басқару саяси сипатта болғандықтан басқару жөніндегі негізгі салмақ мемлекетке түседі. Мемлекет мемлекеттік құқықтық, техникалық-ұйымдастырушылық және басқа да басқару құралдарына арқа сүйей отырып қоғамды басқаруды ұйымдастырады;

2. Мемлекеттік басқару құқықтық нысанда жүзеге асады; 3. Мемлекеттік басқару ғылыми негіздерге сүйенеді.

С.С. Алексеев мемлекеттік басқару өзара тығыз байланысқан басқару сатыларынан тұратын ұдайы процесс деп айта келе, сондай-ақ осы аядағы органдардың басқару қызметтерінің ерекшеліктеріне сәйкес орынына төмендегідей басқару сатыларын бөліп шығарған:

1) басқару шешімдерін қабылдауға қажетті ақпараттарды жинау, өңдеу және талдау;

2) басқару шешімін дайындау және қабылдау,

3) шешімді атқаруды ұйымдастыру;

4) есептеу және бақылау [2].

Ал мемлекеттік құрылыс және құқық саласының белгілі ғалымы Г.В. Атаманчук мемлекеттік басқарудың мынадай анықтамасын берген: мемлекеттік басқару мемлекеттің ұйымдарға, адамдардың тәртіптері мен іс-қимылдарына, олардың ұжымдарына біртұтас қоғамға тікелей ықпал етуге бағытталған, ғылыми негізделген, жоспарланған, ұдайы және құқықтық нысанда жүзеге асатын қызмет. Сонымен қатар, ол мемлекеттік басқару жүйесінің мына әрекеттер мен элементтерін қамтитындығын көрсеткен:

- басқару субъектісінің ұйымдастырылуы және қызмет атқаруы;
- басқарушылар мен басқарылушы объектілердің өзара байланыстарының құрылымы, басқарушы іс-қимылдардың жиынтығы;

- мемлекеттік басқарушы ықпалдарға тікелей бағынатын қоғам жүйесінің элементтері. Осы жүйе басқаруға байланысты әрекеттерде, қатынастарда, актілерде міндетті үш элементтің болғанын қалайды:

- басқару субъектісі немесе оның лауазымды адамы, органы;
- құрылған және жүзеге асырылатын басқарушы ықпал;
- жеке тұлғаның, кәсіпорынның, ұйымның және мекемелердің қызметтері түріндегі ықпал ету объектісі [3].

Латынның “администрация” сөзі басқару деген мағынада айтылады. Басқару қоғамдағы адамдар өмірінің маңызды жағы ретінде көрініс табады. Себебі ол әлеуметтік сипатта болады. Сондықтан басқаруға әлеуметтік процесс тұрғысынан қарасақ оның маңызы өте терең, ерікті және саналы бастамасы бар екендігін байқаймыз.

Ал өз кезегінде, адамдардың бірігіп жасаған іс-қимылдары, әрекеттері ұйымдастыруға әкеліп саяды. Ұйымдастыру, біріншіден, адамдардың бірігіп жұмыс жасауларына қажетті бірлесу болып табылады. Басқаша сипаттасақ, басқаруды біріккен адамдардың өздеріне тиісті жұмыс, қызметтерін атқаруларымен байланыстырамыз. Демек ұйымдастыру (басқару) тек адамдардың бірігуімен ғана шектеліп қалмай, сонымен қатар олардың өз қызметтерін жүзеге асыру тәртібін де қамтиды. Басқарудың негізгі міндеттері адамдардың бірлескен қызметтерін ұйымдастырумен байланысты болғандықтан, олардың өзара іс-қимылдарын әртүрлі бірлестіктермен және қызметтерінің бағыттарымен нысаналай отырып қамтамасыз ету мәселесі туындайды. Бұл туралы К. Маркс “әкімшіліктік мемлекеттің ұйымдастырушылық қызметі” деп айтқан болатын [4]. Демек, басқаруға әлеуметтік функция ретінде

ұйымдастырушылық сипат тән. Ұйымдастырудың бұл маңызды көрінісі бірлесіп қызмет атқарушылардың өз функцияларын орындаумен қатар дербес жұмыстардың арасындағы ауызбірліктен, келісімнен тұрады.